

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 желтоқсанда № 9946 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшері:

- 1) көтерме жәрдемақы жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомада;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бюджеттік кредит:

ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі мың бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада;

ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын сомада айқындалсын.

Ескерту. Бұйрық 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Өнірлік саясат және жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту департаменті (С.Тұнғышбеков):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның "Әділет" ақпараттық-қықықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

E. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 6 қарашадағы
№ 72 бұйрығымен
бекітілген

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" (бұдан әрі – Зан), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы зан) заңдарына және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы беру және тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру тәртібін айқындауды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және оны аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органдары көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Процестің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада баяндалған.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алуға немесе салуға бюджеттік кредит Заңның 18-бабының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыларға көрсетіледі.

Бұл ретте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 12-тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып беріледі.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауылдық елді мекеннің мәртебесі қалалық елді мекендер санатына өзгерген жағдайда, көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит осы елді мекенге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономикалық өндертілік кешен саласындағы мамандарға, сондай-ақ ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне екі жыл ішінде беріледі.

Бұл ретте әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ауылдық елді мекен санатының қалалық елді мекендер санатына өзгерген күнінен бастап есептеледі, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттің мөлшері ауданының әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандарға берілетін кредиттің мөлшеріне тең беріледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агрономикалық өндертілік кешен саласындағы сұранысқа ие мамандықтардың және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бойынша ұсынылады.

Тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бюджеттік кредиттер облыстардың жергілікті атқарушы органдарына мынадай талаптарда:

теңгемен он бес жылға дейінгі мерзімге 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне бере отырып, кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі;

кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 22 (жиырма екі) айды құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алдағы кезеңге Тізбе қалыптастырады, ол бір жұмыс күні ішінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылады және "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыш жинақ банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – сенім білдірілген өкіл (агент)) мәлімет үшін ұсынылады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы сұранысқа ие мамандықтар тізбесін тоқсан сайын келесі тоқсанның бірінші айының 10-күніне дейін бекітеді.

Тізбе бір жұмыс күні ішінде сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ақпараттандыру объектілері – Баспаана Маркет жылжымайтын мүлік порталы (бұдан әрі – Портал) otbasybank.kz/programm-bank арқылы орналастырылады.

Тізбеде алдағы кезеңге көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың саны және олардың мамандықтары көрсетіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы (мәслихат) жыл сайын көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған

міндетемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жөніндегі жұмыс органы болып табылады.

9. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру сенім білдірілген өкілмен (агентпен) шарт болған жағдайда жүзеге асырылады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асуру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырма шартын жасасады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асуру бойынша операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеуге арналған қаражат бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет шеңберінде көзделеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2020 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушки электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) көмегімен немесе бір реттік парольмен куәланырылған Порталда тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге Портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты қуәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушкиның еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты қуәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушкиның еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

неке қио (ерлі-зайыптылық) туралы күелік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

Кредиттік бюородан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

неке қио (ерлі-зайыптылық) туралы күелік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

Кредиттік бюородан есеп.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық (сканерленген) көшірмелері қоса тіркеледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтерді, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану құқығы туралы анықтамаларды, еңбек қызметі бойынша мәліметтерді, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және/немесе жоғары білім дипломының болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Көрсетілетін қызметті беруші Порталда көрсетілетін қызметті алушыдан қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші

өтінішті қабылдаудан бас тартады және Порталда тиісті хабарлама (бас тарту себебін көрсете отырып) көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

12. Порталда сенім білдірілген өкіл (агент) құжаттардың толық топтамасын беруді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіге автоматты режимде қол жеткізуіді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

13. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Порталда орналастырған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеуді жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

14. Көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну және/немесе әлеуметтік қолдау шараларын алуға көрсетілетін қызметті алушыларды есепке және кезекке қою немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан дәлелді бас тарту туралы қаулысының жобасын дайындайды.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну және/немесе әлеуметтік қолдау шараларын алуға көрсетілетін қызметті алушыларды есепке және кезекке қою туралы қаулысы төрт жұмыс күні ішінде қабылданады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілетін қызметті алушыны оған алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді қоса бере отырып, тыңдауды өткізуіндік уақыты мен орны (тәсілі) туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

15. Порталда көрсетілетін қызметті алушыға берілген, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға

келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасу қажеттігі туралы, есепке алу және кезектілікке қою туралы хабарлама немесе әлеуметтік қолдау шарасын ұсынудан дәлелді бас тарту әлеуметтік қолдау шараларын көрсету нәтижесі болып табылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылданғаннан кейін:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде Келісімге Порталда көрсетіletіn қызметті беруші мен көрсетіletіn қызметті алушы арасында біr жұмыс күні ішінде ЭЦҚ көмегімен немесе куәландырылған біr реттік парольмен қол қойылады;

2) тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алған кезде Келісімге Порталда көрсетіletіn қызметті беруші, сенім білдірілген өкіл (агент) және көрсетіletіn қызметті алушы арасында бес жұмыс күні ішінде ЭЦҚ көмегімен немесе куәландырылған біr реттік парольмен қол қойылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Әлеуметтік қолдау шаралары:

бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ (осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау кезінде), сондай-ақ соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімін өткізу болмаған;

өтініш беру кезінде сұранысқа ие мамандықтар тізбесіне сәйкес мамандықтар бойынша;

өтініш берген күнінен бастап соңғы екі жылда келген маман жұмыс істейтін елді мекен қарайтын ауданда (облыстық маңызы бар қалада) маманның, оның жұбайының және балаларының тұрғын үйі жоқ көрсетіletіn қызметті алушыларға ұсынылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетіletіn қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету үшін бюджет қаражаты жетіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті беруші әлеуметтіk

қолдау шараларын алуға үміткерлер қатарынан кезектілікті қалыптастыру арқылы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімін тоқтата тұрады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алуға кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушылардың құжаттарын қайта қарау мерзімін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді және ол екі жылдан аспайды.

Көрсетілетін қызметті беруші сенім білдірілген өкілге (агентке) әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімдерін тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қуәландырылған немесе бір реттік парольмен қуәландырылған мынадай құжаттарды:

1) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру кезінде:

сатып алынатын жылжымайтын мүлкіті бағалау актісін;

сатып алынатын тұрғын үйдің құны берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асқан кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісімді;

2) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру кезінде:

кеңіл мүлкін бағалау актісін;

кеңіл мүлкін сақтандыру шартын;

тұрғын үй салу кезіндегі шығыстар берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асып кеткен кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісімді;

3) көтерме жәрдемақы беру кезінде:

жеке есеп шот туралы анықтаманы ұсыну қажеттігі туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Келісім жасалғаннан кейін:

1) көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көтерме жәрдемақы сомасын көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына аударады;

2) сенім білдірілген өкіл (агент) кепіл шартын тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушыға сатып алынатын жылжымайтын немесе кепіл мүлкін бағалау актісін ескере отырып, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит береді.

22. Көрсетілетін қызметті алушының кредит бойынша міндеттемелерді орындауы:

1) өзі сатып алған тұрғын үйді кепілге қоюмен;

2) салынған тұрғын үйді кейіннен кепілге қоюмен өзге жылжымайтын өтімді мұлікпен қамтамасыз етіледі.

23. Тұрғын үйді сатып алу және салу үшін бюджеттік кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша талаптар кредиттік шартта белгіленеді.

24. Қайталама нарықта тұрғын үйді сатып алу-сату шарты немесе салынған тұрғын үйді пайдалануға беру актісі тұрғын үй сатып алуға немесе салуға арналған бюджеттік кредит сомасын мақсатты пайдалануды растау болып табылады.

25. Бөлінген бюджет қаржатының пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Тұрғын үй салуға бюджеттік кредит берілуі үшін көрсетілетін қызметті алушы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы өтінішпен және осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарына сәйкес құжаттардың толық тізбесімен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

27. Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру туралы өтінішін қарау тәртібі осы Қағидалардың 11 - 14-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі көрсетілетін қызметті алушыға мынадай шарттарды:

1) тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны қырық алты айлық есептік көрсеткіштен аспауын;

2) тұрғын үй құрылышының жалпы сметалық құны берілетін кредиттің екі еселенген мөлшерінен аспауын;

3) тұрғын үй құрылышының ең ұзак мерзімі кредит берген сәттен бастап он екі айдан аспауын ескере отырып, тұрғын үйлердің ұлгілік жобаларының нұсқаларын немесе мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар жобаларды ұсынады.

Ескеरту. 28-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

29. Көрсетілетін қызметті алушы ұлгілік жобалардың ұсынылған нұсқаларымен жазбаша тұрде келісken жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі келісім алған сәттен бастап төрт жұмыс күні ішінде тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру туралы қаулы қабылдайды.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші, көрсетілетін қызметті алушы және сенім білдірілген өкіл (агент) арасында Келісім жасалады.

31. Тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру осы Қағидалардың 15 - 22-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Сома банктік шотқа аударылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы кемінде оң жұмыс күні өткен соң "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және

"Күрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сәulet-күрылышты бақылауды жүзеге асыратын органдарға тұрғын үй күрылышының басталғаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

33. Күрылыш аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үйді пайдалануға беруді жүзеге асырады.

34. Көрсетілетін қызметті алушы салған тұрғын үй пайдалануға берілгеннен және ол ғимараттарды, күрылышжайлар және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеруді жүзеге асыратын үйымдарда тіркелгеннен кейін тараптардың келісімі бойынша бұрын берілген кепілді салынған тұрғын үйге ауыстуға болады.

2-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

35. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты телефон арқылы алуға болады – 300 қысқа нөмірі.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) шағымдар сенім білдірілген өкілдің (агенттің) бірінші басшысының атына ресми сайт арқылы немесе сенім білдірілген өкілдің (агенттің) бөлімшелерінде қабылданады.

Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам шағым түсken күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекетті жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіrкелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіs.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа кері қайтарып алумен қатар, жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын ұсынады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауылдық елді мекендерге
жұмыс істеуге және тұруға
келген денсаулық сактау, білім
беру, әлеуметтік
қамсыздандыру, мәдениет,
спорт және агроенеркәсіптік
кешен саласындағы мамандарға,
ауылдар, кенттер, ауылдық
округтер әкімдері
аппараттарының мемлекеттік
қызметшілеріне әлеуметтік
қолдау шараларын ұсыну
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік қызмет көрсетудің кіші турлери:

- 1) Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы ұсыну
- 2) Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит ұсыну
- 3) Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне тұрғын үй салуға бюджеттік кредит ұсыну

	Aудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті
--	--

	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	аткаруыш органдарының ауылдық ауماқтарды дамыту саласындағы уәкілетті органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) акпараттандыру объектілері – Баспа Маркет жылжымайтын мұлік порталы otbasybank.kz/programm-bank (бұдан ері – Портал) арқылы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	6 (алты) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Порталда көрсетілетін қызметті алушыға Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шарапарын ұсыну туралы келісім (бұдан ері – Келісім) жасасу қажет екені туралы, есепке алу және кезектілікке қою туралы хабарлама немесе әлеуметтік қолдау шарапарын ұсынудан дәлелді бас тарту.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-га дейін сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі түскі үзіліспен. Портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі және ақпарат объектілері

коспағанда, тәулік бойы, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

1) көтерме жәрдемақы алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; білім туралы диплом (ақпараттық жүйеде ақпарат болмаған жағдайда);
көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; білім туралы диплом (ақпараттық жүйеде ақпарат болмаған жағдайда);
көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; неке қиу (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік (ақпараттық жүйеде ақпарат болмаған жағдайда);
Кредиттік бюородан есеп электрондық көшірмесі;
3) тұрғын үй салуга бюджеттік кредит алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; білім туралы диплом (ақпараттық жүйеде ақпарат болмаған жағдайда);
көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; неке қиу (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік (ақпараттық жүйеде ақпарат болмаған жағдайда);
Кредиттік бюородан есеп электрондық көшірмесі.

	<p>Жеке басты күәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы күәліктерді, тұратын орны бойынша тіркеу туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушыда және оның жұбайы мен балаларында жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер участесін пайдалану құқығы туралы анықтамаларды, енбек қызметі бойынша мәліметтерді, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және /немесе жоғары білім туралы дипломның болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электронного үкімет" шлюзянан алады.</p>
Қазакстан Республикасының заңымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту ушін негіздер	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті аруды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыбым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 3) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан оның негізінде айырылған, көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болған; 4) көрсетілетін қызметті алушы Заңыңың 18-бабы 8-тармағының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан

		Республикасы Заңынын 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмаған жағдайларда жузеге асырылады.
10	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>Республикасы Заңынын 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмаған жағдайларда жузеге асырылады.</p>

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларына
2-қосымша
Нысан

облысы

ауданының (облыстық маңызы бар қала) әкімі

аты-жөні, тегі

мекенжайы бойынша тұратын

жұмыс орны, лауазымы

өтініш берушінің тегі, аты, экесінің аты
(ол болған жағдайда),
(бұдан әрі –Т.А.Ә.).

Ескеरту. 2-қосымшаның жоғары оң жақ бүрышы - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.08.2024 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Әтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден Келісімде (қоса беріледі) көрсетілген мөлшерде және шарттарда маған көтерме жәрдемақы төлеуінізді және/немесе тұрғын үй сатып алуға/салуға (қажеттісін сизу) бюджеттік кредит ресімдеуге құқық беруінізді сұраймын.

күні қолы

Озгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 жұмыс күн ішінде хабарлауға міндеттенемін. Дұрыс емес мәліметтер және/немесе жасанды құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ауылдық елді мекендерге
жұмыс істеуге және тұруға
келген деңсаулық сақтау, білім
беру, әлеуметтік
камсыздандыру, мәдениет, спорт
және агроенеркәсіптік кешен
саласындағы мамандарға,
ауылдар, кенттер, ауылдық
округтер әкімдері
аппараттарының мемлекеттік
қызметшілеріне әлеуметтік
қолдау шараларын ұсыну
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауылдық елді мекендерге
жұмыс істеуге және тұруға келген
деңсаулық сақтау, білім
беру, әлеуметтік қамсыздандыру,
мәдениет, спорт және
агроенеркәсіптік кешен
саласындағы мамандарға,
ауылдар, кенттер, ауылдық
округтер әкімдері
аппараттарының мемлекеттік
қызметшілеріне әлеуметтік

қолдау шараларын ұсыну қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркесіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Елді мекен _____ 20 ____ жылғы "—" _____

Бұдан әрі "Әкімші" деп аталатын "_____ мемлекеттік мекемесі атынан басшы _____ бір тараптан, бұдан әрі "Алушы" деп аталатын әлеуметтік көмек алушы _____ екінші тараптан және бұдан әрі "Сенім білдірілген өкіл (агент)" деп аталатын _____ үшінші тараптан төмендегілер туралы осы Өзара міндеттемелер келісімін жасасты:

1. Келісімнің нысанасы

Тараптар өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, ешқандай тараптан мәжбүрлеусіз өздеріне міндеттемелер қабылдайды, оны тараптар толық көлемде орындауы тиіс, атап айтқанда:

1.1 Әкімші _____ мәслихатының (20 ____ жылғы "—" _____ № ____) шешімінің негізінде өзіне мынадай:

1) _____ теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы;

2) ____ жыл мерзімге _____ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға міндеттемелер қабылдайды.

1.2 Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде _____ ауылдық елді мекенінде орналасқан (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроенеркесіптік кешен, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) ұйымында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдайды.

1.3 Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне тапсырма шарты негізінде әкімшінің атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Экімші:

1) алушыдан осы Келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сенім білдірілген өкілдің (агенттің) интернет-ресурс арқылы алушының тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді алуға құқылы.

2.2 Экімші:

1) осы Келісімді жасасқаннан кейін бір жұмыс күні ішінде көтерме жәрдемақысының тағайындалған сомасын алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

2.3 Алушының:

1) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде таңдауға;

2) үш жылдық мерзім өткенге дейін өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасы бойынша басқа ауылдық елді мекендерге (немесе бір ауылдық елді мекеннің шегінде) жұмысқа ауысқан кезде қосымша келісім бойынша міндеттемелер қабылдай отырып, алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

2.4 Алушы:

1) 30 жұмыс күні ішінде Экімшіге:

тұрғын үй сатып алуға /салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап;

тұрғын үй құрылышы аяқталғаннан кейін бюджет қаржатының мақсатты пайдаланылуы туралы растайтын құжаттарды ұсынуға;

2) меншігіне сатып алынған/салынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін Экімшіге тұрғын үй құжаттарының түпнұсқаларын алған бюджеттік кредитті толық өтегенге дейін осы Келісімді кемінде үш жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) Экімшіге тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) осы Келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаржатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге;

5) жалақыдан кесте бойынша өтеу сомасын шегеру жолымен кредит бойынша жарналарды ай сайын өтеуді қамтамасыз етуге міндетті.

2.5 Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) алушымен есеп айырысу жүргізуге;

2) алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы бар.

2.6 Сенім білдірілген өкіл (агент):

1) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;

2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған алушы міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заннамасына сәйкес осы Келісімнің шарттары орындалмаған және орындаудан бас тартылған жағдайда алушыдан берешекті өндіріп алушты жүзеге асыруға міндетті.

3. Дауларды шешу

3.1 Осы Келісімді орындау кезінде туындауы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.

3.2 Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

4. Келісімнің қолданылу мерзімі

4.1 Осы Келісім тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Келісім 20__ жылғы "___" _____ бастап қолданылады.

4.2 Келісім әр тарап үшін заң күші бірдей үш данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары

Әкімші

Алушы

Сенім білдірілген өкіл (агент)
